



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ

## ЛИЦЕНЗИЯ

банк операцияларын және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге

Лицензия нөмірі № 1.2.14/39

Берілген күні 2020 жылғы 3 ақпан

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы

Осы лицензия мыналарды жүргізуге құқық береді:

**1. Банк операцияларын (ұлттық және /немесе шетел валютасында):**

депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;  
депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;  
банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

банктердің жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашуы және жүргізуі, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетіледі;

кассалық операциялар: колма-кол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру;

аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;

есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);

банктік қарыз операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер беру;

колма-кол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары; төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;

аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;

үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындауы көзделетін банктік тапсырмалар мен өзге де міндеттемелерді беру.

**өзге де операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел валютасында):**

тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, тазартылған бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілердің вексельдерді төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ делдалдық тәртібімен домицилденген вексельдерді, вексельдер акцептін төлеу;

лизинг қызметін жүзеге асыру;

өзінің бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шығару;

факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекел етіп қабылдай отырып, төлем жүргізуді талап ету құқығын алу;

форфейтингтік операциялар (форфейтингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының қарыз міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;

сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне және тапсырмасы бойынша ақшаны, банктік қарыздар және тазартылған бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;

сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер.

**2. Бағалы қағаздар нарығындағы қызметті:**

клиенттердің есепшоттарын жүргізу құқығынсыз (бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу құқығынсыз) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру.

**Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:**

банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге:

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2009 жылғы 22 мамырдағы № 1.1.259;

бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға:

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген 2014 жылғы 6 қазандағы № 1.2.14/39



Тарағаның бірінші орынбасары

О. Смоляков

Алматы қаласы